

**"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы"
Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 қарашадағы № 1272 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы»
Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы Қазақстан
Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен
судьяларының
мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық
заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі
туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық
Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 23, 410-құжат;
2006 ж., № 23, 136-құжат; 2008 ж., № 20, 77-құжат; 2010 ж., № 24, 147-құжат) мынадай
өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«6-бап. Аудандық және оларға теңестірілген соттарды құру

1. Аудандық және оларға теңестірілген соттарды (бұдан әрі – аудандық соттар)
Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынысы бойынша
Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, қайта атайды
ж ә н е т а р а т а д ы .

Қазақстан Республикасының Президенті бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктерде
бір аудандық сот немесе бір әкімшілік-аумақтық бірлікте бірнеше аудандық сот құруы
м ү м к і н .

2. Аудандық соттар үшін судьялардың жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының
Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының

Президенті

бекітеді.

3. Әрбір аудандық сот үшін судьялардың санын Жоғарғы Соттың, жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынысы негізінде Жоғарғы Сот Төрағасы белгілейді.»;

2) 9-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сотта сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;»;

3) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«10-бап. Облыстық және оларға теңестірілген соттарды құру

1. Облыстық және оларға теңестірілген соттарды (бұдан әрі – облыстық соттар) Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, қайта атайды және таратады.

2. Облыстық соттар судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әр облыстық сот үшін судьялардың санын уәкілетті органның Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынымы негізінде Жоғарғы Соттың Төрағасы белгілейді.»;

4) 11-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Облыстық соттың органдары:

1) жалпы отырыс;

2) азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасы;

3) қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасы;

4) кассациялық сот алқасы.

Апелляциялық сот алқасын осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын төраға басқарады.

Кассациялық сот алқасын осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын облыстық сот төрағасы басқарады.»;

5) 14, 15-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Облыстық соттың төрағасы

1. Облыстық соттың төрағасы судья болып табылады және судьяның міндеттерін атқарумен қатар:

1) сотта сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

2) кассациялық сот алқасының отырыстарында төрағалық етеді;

3) облыстық соттың жалпы отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын

сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;

5) соттың жалпы отырысының қорытындысы негізінде Жоғары Сот Кеңесіне судья қызметіне кандидаттың тағылымдамасының нәтижелері туралы қорытынды жібереді;

6) облыстық соттың жұмыс жоспарын бекітеді;

7) сот практикасын зерделеуді ұйымдастырады;

8) өкімдер шығарады;

9) облыстық соттың, Астана және Алматы қалалары соттарының кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

10) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

11) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Облыстық сот төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайда төрағаның міндетін уақытша атқаруды Жоғарғы Сот Төрағасы облыстық соттың сот алқалары төрағаларының біреуіне жүктейді. Бұл ретте кассациялық алқа отырыстарында төрағалық ету облыстық соттың кассациялық алқасының судьясына жүктеледі.

Сот алқаларының төрағалары болмаған жағдайда төрағаның міндетін уақытша орындау облыстық соттың кассациялық алқасының судьясына жүктеледі.

3. Облыстық соттың төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда міндеттерін атқаруды жүктеуді облыстық соттың сот алқалары төрағаларының біреуі жүзеге асырады. Сот алқаларының төрағалары болмаған жағдайда төрағаның міндетін уақытша орындау облыстық соттың кассациялық алқасының судьясына жүктеледі.

15-бап. Облыстық соттың сот алқасының төрағасы

1. Облыстық соттың сот алқасының төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

1) сот алқасында сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

2) сот алқасының отырыстарында төрағалық етеді;

3) сот практикасын зерделеу және жинақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

4) соттың жалпы отырысына сот алқасының қызметі туралы ақпаратты ұсынады;

5) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Апелляциялық сот алқасының төрағасы облыстық сот төрағасына апелляциялық сот алқаларында мамандандырылған құрамдарды қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

3. Апелляциялық сот алқасының төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда сот төрағасы оның міндетін атқаруды алқа судьяларының біріне жүктейді.

Облыстық соттың сот алқасы төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайда төрағаның міндетін уақытша атқару облыстық соттың тиісті сот алқасының судьясына жүктеледі.»;

6) 16-баптың 1-тармағында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Облыстық сот қажетіне қарай жалпы отырыстар өткізеді, оларда:»;

9-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1) сот төрелігін іске асыру сапасы төмен немесе сот істерін қарау кезінде заңдылықты ұдайы бұзуға жол берген судьяға қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындылары бойынша тиісті ш е ш і м ш ы ғ а р а д ы ; » ;

7) 1 7 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) сот практикасы мәселелерін түсіндіретін нормативтік қаулылар қабылдайды;»;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) жергілікті және басқа да соттардың төрағалары және сот алқалары төрағалары, Жоғарғы Сот судьялары және сот алқалары төрағалары лауазымдарына кадр резервін (бұдан әрі – кадр резерві) қалыптастырады;»;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Кадр резервімен жұмысты құру және ұйымдастыру тәртібін Жоғарғы Соттың Т ө р а ғ а с ы б е к і т е д і . » ;

8) 2 0 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына сот практикасы мәселелерін түсіндіретін Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қабылдау үшін материалдарды және заңда көзделген негіздемелер бойынша қадағалау тәртібімен сот актілерін қайта қарау туралы ұсынымдарды енгізеді;»;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын;

«8-1) Жоғары Сот Кеңесімен келісім бойынша әрбір жергілікті және басқа да сот судьяларының с а н ы н б е к і т е д і ; » ;

2 - т а р м а қ т а :

3) және 3-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жергілікті және басқа соттардың жалпы отырыстарының шешімі негізінде аудандық соттардың төрағалары қызметінің бос орындарына кандидатураларды балама негізде Жоғары Сот Кеңесіне ұсынады;

3-1) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының шешімі негізінде облыстық соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары қызметіне кандидатураларды балама негізде Жоғары Сот К е ң е с і н е ұ с ы н а д ы ; » ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жоғарғы Соттың Төрағасы уақытша орнында болмаған кезде оның міндеті Жоғарғы Сот Төрағасының өкімімен сот алқалары төрағаларының біріне жүктеледі.

Сот алқаларының төрағалары болмаған жағдайда төрағаның міндетін уақытша орындау Жоғарғы Соттың судьясына жүктеледі.»;

9) 21-баптың 1-тармағында:

1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) сот алқасында сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді;»;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сот алқасының төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда оның міндетін атқару Жоғарғы Сот Төрағасының өкімі бойынша алқа судьяларының біріне жүктеледі.

Жоғарғы Соттың сот алқасы төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайда оның міндетін уақытша атқару Жоғарғы Соттың тиісті сот алқасының судьясына жүктеледі.»;

10) 22-баптың 1-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) сот практикасы мәселелерін түсіндіретін нормативтік қаулылар қабылдайды және заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;»;

7-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7-1) сот төрелігін іске асыру сапасы төмен немесе сот істерін қарау кезінде заңдылықты ұдайы бұзуға жол берген судьяға қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындылары бойынша тиісті ш е ш і м ш ы ғ а р а д ы ; » ;

11) 23-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Судья Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер берілген, өз міндеттерін тұрақты негізде орындайтын және сот билігін жүргізуші болатын мемлекеттің лауазымды тұлғасы болып табылады.»;

12) 24-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Судьяның өкілеттігі тек қана осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.»;

13) 29-бапта:

1-тармақта:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«біліктілік емтиханын тапсырған. Мамандандырылған магистратураны оқып бітірген адамдар оқуы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде емтихан тапсырудан б о с а т ы л а д ы ; » ;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және соттың жалпы отырысының оң

пікірін алған Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалуы мүмкін. Мамандандырылған магистратураны оқып бітірген адамдарға оқуы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде тағылымдамадан өту талап етілмейді.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағының талаптарына сай келетін, заң мамандығы бойынша кемінде он бес жыл жұмыс стажы бар немесе кемінде бес жыл судьялық жұмыс стажы бар және тиісті облыстық соттың жалпы отырысының қорытындысын алған азамат облыстық соттың судьясы бола алады.

Тиісті облыстық соттың жалпы отырысының теріс қорытындысына Жоғарғы Соттың жалпы отырысына шағым берілуі мүмкін.

Тиісті облыстық соттың және Жоғарғы Соттың жалпы отырыстарының қорытындысын кандидат Жоғары Сот Кеңесіне ұсынады.»;

4-тармақ мынадай редакциядағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Біліктілік емтиханын тапсырған және заң мамандығы бойынша кемінде жиырма жыл жұмыс стажы бар адамдар ерекше жағдайда Жоғары Сот Кеңесінің шешімімен тағылымдамадан өтуден босатылуы мүмкін.»;

1 4) 3 0 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«30-бап. Судья, сот төрағасы, сот алқасы төрағасы қызметіне кандидаттарды іріктеу» ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Аудандық сот төрағасы қызметінің бос орнына кандидатураны тиісті облыстық соттың жалпы отырысының шешімі негізінде Жоғарғы Сот Төрағасы енгізген ұсыну бойынша Жоғары Сот Кеңесі балама негізде қарайды.

Облыстық соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары қызметінің бос орындарына кандидатураларды Жоғарғы Соттың жалпы отырысының шешімі негізінде Жоғарғы Сот Төрағасы енгізген ұсыну бойынша Жоғары Сот Кеңесі балама негізде қарайды.

Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы қызметіне кандидат Жоғарғы Сот судьяларының арасынан ұсынылады.

Жоғары Сот Кеңесі жергілікті және басқа соттардың төрағалары, сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары қызметінің бос орындарына кандидаттарды қызметке тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады.

Жоғарғы Соттың Төрағасы қызметіне кандидатураны Жоғары Сот Кеңесі қарайды.

Жоғары Сот Кеңесі Жоғарғы Соттың Төрағасы, судьясы қызметінің бос орындарына кандидаттарды Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына ұсынуы үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады.»;

1 5) 3 1 - б а п т а :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Аудандық соттардың төрағаларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті үш жыл мерзімге тағайындайды.»;
мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Облыстық соттардың төрағаларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бес жыл мерзімге тағайындайды.»;

7, 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Жергілікті және басқа соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Соттың Төрағасы мен сот алқаларының төрағалары өкілеттік мерзімдері аяқталғаннан кейін, егер олар бұрынғы қызметтеріне немесе басқа соттағы осындай қызметке тиісінше қайтадан сайланбаған немесе тағайындалмаған болса, тиісті соттың судьясы өкілеттігін жүзеге асыруды жалғастырады.

Тиісті сотта судьялардың бос орны болмаған жағдайда осындай лауазымға сайланбаған немесе тағайындалмаған жергілікті және басқа соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Соттың төрағасы және сот алқаларының төрағалары олардың келісімімен тең дәрежелі немесе төмен тұрған соттың судьясы лауазымына конкурстық тағайындауға ұсынылады.

8. Сот қайта ұйымдастырылған немесе таратылған, тиісті сот судьяларының саны өзгерген кезде осы соттың судьялары олардың келісімімен тең дәрежелі немесе төмен тұрған соттың судьясы лауазымына тағайындауға конкурстық ұсынылуы мүмкін.»;

16) 33-баптың 1-тармағында:

3-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1) осы Конституциялық заңның 34-бабының 2-тармағында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтату қажеттігі туралы Сот жюриінің шешімі болса;»;

3-2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Судьяның өкілеттігі тоқтатыла тұрған кезде оның тиісті соттың төрағасы немесе сот алқасының төрағасы қызметіндегі өкілеттігі де тоқтатыла тұрады.»;

17) 34 және 34-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«34-бап. Төрағаны, сот алқасы төрағасын және судьяны қызметтен босату және оның өкілеттігін тоқтату

1. Төрағаның, сот алқасы төрағасының және судьяның өкілеттігі мынадай негіздерде:

1) судья орнынан түскенде;

1-1) судья өз тілегі бойынша қызметінен босағанда;

2) медициналық қорытындыға сәйкес кәсіптік міндеттерін одан әрі атқаруға кедергі болатын денсаулық жағдайы бойынша;

3) судьяны іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп тану не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды

күшіне

енгенде;

4) осы судьяға қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енгенде;

5) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылғанда;

6) судья қайтыс болған немесе соттың оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енген жағдайда;

7) судья басқа лауазымға тағайындалған, сайланған және ол басқа жұмысқа ауысқан жағдайда;

8) соттың таратылуына немесе соттың қайта ұйымдастырылуына, тиісті сот судьялары санының өзгеруіне, өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты, егер соттың төрағасы, сот алқасының төрағасы немесе судья басқа соттағы бос қызмет орнына орналасуға келісімін бермесе;

8-1) аудандық соттар, облыстық соттар, Жоғарғы Сот судьяларының жалпы саны қысқартылғанда;

9) зейнеткерлік жасқа немесе судья қызметінде болудың шекті жасына толғанда тоқтатылады.

2. Судьяның өкілеттігі судьяның кәсіптік жарамсыздығына байланысты, тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін атқарып отырған қызметіне сәйкессіздігі туралы немесе осы Конституциялық заңның 28-бабында көрсетілген талаптарды орындамағаны үшін қызметінен босату қажеттілігі туралы Сот жюриінің шешіміне немесе қорытындысына байланысты тоқтатылуы мүмкін.

3. Сот төрағасының не алқа не сот алқасы төрағасының өкілеттіктері оның өз тілегі бойынша не олар осы Конституциялық заңның 9, 14, 15, 20, 21 және 28-баптарында көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4. Судьяны қызметтен босату туралы шешім:

1) Жоғарғы Соттың Төрағасына, судьяларына қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысымен;

2) Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларына, жергілікті және басқа соттардың төрағаларына, сот алқаларының төрағалары мен судьяларына қатысты — Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қабылданады.

5. Судьяны қызметінен босату сонымен бір мезгілде тиісті соттың төрағасы немесе сот алқасының төрағасы өкілеттіктерінің тоқтатылуына әкеп соғады.

Осы Конституциялық заңның 31-бабының 7-тармағымен көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті соттың төрағасын немесе сот алқасының төрағасын олардың өз тілегі бойынша не өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты қызметтен босату оларды осы соттың судьясы қызметінен босатуға әкеп соқпайды.

6. Аудандық соттар, облыстық соттар, Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санын қысқартуға байланысты өкілеттіктері тоқтатылған жағдайда судьяға шығу жәрдемақысы төрт орташа айлық жалақы мөлшерінде төленеді.

7. Осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасымен және 2-тармағымен көзделген судьялардың өкілеттіліктерін тоқтату негіздері теріс себептер болып танылады.

8. Осы баптың 1-тармағының 10) тармақшасымен көзделген негіздер бойынша судьяны қызметінен босатуға аудандық соттар, облыстық соттар, Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санын қысқартуды қолда бар бос орын бірліктері есебінен жүргізу мүмкін болмағанда не егер судья төмен тұрған сотта бос орынға орналасуға келісімін бермегенде ғана жол беріледі.

34-1-бап. Судья қызметінде болудың шекті жасы
Судья қызметінде болуға шекті жасқа: әйелдер үшін – 63 жасқа, ерлер үшін – 68 жасқа толғанға дейін жол беріледі.

Судьялар Қазақстан Республикасының заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған кезде оның шекті жасқа жеткеніне дейін судья қызметінде одан әрі болуына Жоғары Сот Кеңесінің келісімімен Жоғарғы Соттың Төрағасы рұқсат етеді.»;

18) 35-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Орнынан түсуді тоқтату судьяны орнынан түсуіне байланысты қызметтен босатудың сол тәртібімен жүзеге асырылады.»

19) 38-бап алып тасталсын;

20) 38-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«38-1-бап. Сот жюриі

1. Жұмыс істеп жүрген судьяның кәсіби жарамдылығын анықтау, судьяның орнынан түсу және оны тоқтату құқығын растау, сондай-ақ судьяға қатысты тәртіптік іс жүргізуді, тәртіптік істерді қозғау туралы мәселені қарау үшін он бір судьядан тұратын Сот жюриі құрылады.

2. Облыстық соттың немесе Жоғарғы Соттың жалпы отырысының шешімі немесе облыстық сот төрағасының немесе Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысы Сот жюриінде судьяларға қатысты материалдарды қарау үшін негіз болып табылады.

Сот жюриінің жұмысын құру және ұйымдастыру тәртібі, сондай-ақ Сот жюриінде материалдарды, тәртіптік істерді қарау тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ережемен белгіленеді.»;

21) 41 және 43-баптар алып тасталсын;

22) 44-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«44-бап. Сот жюриінің шешімдері

1. Сот жюриі тәртіптік іс бойынша, сондай-ақ кәсіби біліктілігіне күмән келтірілген судьяларға қатысты материалдарды қарау кезінде:

1) осы Конституциялық заңның 40-бабының 1-тармағында көзделген тәртіптік жаза қолдану туралы;

2) тәртіптік іс жүргізуді қысқарту туралы;

3) судьяның атқарып отырған қызметіне сәйкестігі туралы;

4) судьяның кәсіби биліктілігін арттыру бойынша қажетті шаралар қабылдау (

судьяны оқуға жіберу, судьяға тәлімгерлік белгілеу, жоғары тұрған сотта тағылымдама ұйымдастыру және басқа) туралы;

5) кәсіби жарамсыздығына байланысты судьяның атқарып отырған қызметіне сәйкессіздігі туралы шешімдердің бірін шығарады.

2. Сот журииінің шешімі Жоғарғы Сот Төрағасының төрағаны, сот алқасының төрағасын, судьяны қызметтен босату туралы тиісті ұсынымды Жоғары Сот Кеңесіне енгізу үшін негіз болып табылады.

3. Жоғары Сот Кеңесінің төрағаны, сот алқасының төрағасын, судьяны қызметінен босатуға кепілдеме беруінен бас тартуы Сот журииі шығарған шешімнің күшін жоюға және оны қайта қарауға негіз болып табылады.»;

23) 45-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Судья мінсіз тәртібімен өз міндеттерін адал атқарған жағдайда, тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін Сот журииі оны мерзімінен бұрын алуы мүмкін.»;

24) 46-бап алып тасталсын;

25) 49-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«49-бап. Судьялардың жыл сайынғы демалыстары

1. Судьяларға сауығуы үшін лауазымдық екі айлықақы мөлшерінде жәрдемақы төлене отырып, күнтізбелік отыз күнге жыл сайынғы демалыс беріледі.

2. Судьяға оның заң кәсібі бойынша жұмыс стажы ескеріліп:

5 жылдан 10 жылға дейін – күнтізбелік 5 күн;

10 жылдан 15 жылға дейін – күнтізбелік 10 күн;

15 жылдан астам – күнтізбелік 15 күн жыл сайынғы қосымша ақысы төленетін демалыс беріледі.»;

26) 55-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«55-1-бап. Судьяны материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі кепілдіктерден айыру

Судья өзінің қылмыс жасауына немесе сот билігінің беделіне нұқсан келтіретін теріс қылық жасауына, сот әдебі талаптарын сақтамауына және осы Конституциялық заңның 28-бабында көрсетілген өзге де талаптарды орындамауына байланысты Сот журииінің шешімі бойынша оның өкілеттіктері тоқтатылған кезде, сондай-ақ кәсіби жарамсыздығы туралы шешімі бойынша:

1) орнынан түсу құқығынан және жеке басына тиіспеушілік кепілдігінен;

2) осы Конституциялық заңның 51, 53, 54 және 55-баптарында көзделген барлық материалдық және әлеуметтік кепілдіктерден айырылады.».

2-бап. Осы Конституциялық заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК